

Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы...

Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаев - өмірлік ұстанымы бүгінгі дамылсыз, жылжымалы да жедел, беймаза уақыттың шаңына көмілмеген шынайы ТҰЛҒА болатын. Осынау тұлғаның адами болмысына ұя салған Зерделілік, Зияткерлік ұғымдары оның Уақыт, Қоғам, Заман ұштағанына Сана, Адам, Әрекет категориялары тұрғысынан үңіле алуына айрықша алғышарттар жасады.

Ол күні кешегі «кемелденген социалистік» қоғамның да, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан қоғамның да куәгері болды. Сол қос қоғамның аясында ғұмыр кешті, еңбек етті. Қандай ат қойып, айдар тақсақ та, қоғам үшін ең қажетті, ең асыл құндылық - білім мен ғылым екенін асқан сұңғылалықпен түйсіне білді. Ол ұлы адамдардың қалдырған іргелі мұраларын жете меңгеруге тырысты, алайда, оларға жалаң еліктеуге ұмтылған жоқ, соның нәтижесінде адамзат тарихында ерекше орын иеленген Аристотель, әл-Фараби, Гегель, Яссауи, Ыбырай, Абай, Әлихан, Ахмет, Әлімхан мақсат тұтқан, өмір бақи армандап өткен, адам болмысы мен қоғам тынысында білімнің, ғылымның алатын орны туралы солар айтқан асыл мұраттарды өз толғамымен, әбден көзі жетіп қалыптасқан, темірдей берік, мызғымас ұстаным - көзқарасымен жаңа уақытта, жаңа заманда жүзеге асыра алды. Ұлы адамдардың ісін жалғастырып, солардың Тәңірі маңдайына жазған мұрагері болды.

Адам - пенде. Жаратылыс ой-сананы оған сыйға тартты, қаншама қуатты, күшті адам болса да, уақытты кідірту, не тоқтату немесе мәңгілік өмірге ие болу құдіреті оның қолынан келмейді. Ж.Ақылбаев мәңгілік өмір сүрудің мүмкін еместігін білсе де, аз ба, көп пе, өз ғұмырын айтарлықтай етіп өткізуге тырысты. Абайдың:

Адамзат - бүгін адам, ертең топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.

Ертең өзің қайдасың, білемісің,

Өлмек үшін туғансың, ойлан, шырақ,
- деп келетін өсиетін ол өз болмысына сіңірді. Ол асықты, көп нәрсені тындырып, көп нәрсеге үлгеруге тырысты. Егер көп азаматтар небір асыл да ұтымды идеяларды айтушы, ұсынушы болса, Жамбыл Сәулебекұлы өзгенің идеясын өз идеясымен толықтырып, салыстыра ұштастырып, толғап, таңдап, берік шешім қабылдай алды, сол идеяларды жүзеге асыруға ұмтылды, соның нәтижесінде шын мәнінде

тырысты. Адамға екеуі де керек, демек, шек-шекарасын ажыратуды мақсат етті. «Меннен» гөрі, сарабдал, салқын ақыл, орнықты ой, терең тағылымға негізделген «бізге» көбірек ұмтылды. Яғни, тағы да Абай айтқан:

Ақыл мен жан - мен өзім, тән - менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы - екі.

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел

бастан,

«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі, - деп келетін жолдар оның азаматтық ажарынан, кісілік келбетінен, қысқасы, барша болмысынан орын алған еді. Болмысынан орын алған осынау қасиеттер оны биікке көтерді, ол көтеріліп қана қойған жоқ, сол өлшемдерді өмірінің негізгі Темірқазығына айналдырды. Темірқазық көзге түртсе көргісіз қараңғы түнде еш жүргіншіні адастырмас берік белгі ғой, сол Темірқазыққа қарап Жәкең де өз бойындағы Кісілік пен Кішілік арқылы өзгелермен байланыс жасады. Адами қарым-қатынас барысында Ақылбаев феномені айрықша көзге түсті. Ол адамның шығуы неғайбыл болып көрінетін, тек қанаты талып, зорға дегенде қыран бүркіт көтерілетін мұзарт шыңға шыға алды. Апайда, өзін адамзат баласының аяғы сирек тимеген тым асқақ биікке шықтым деп есептеген жоқ, бұның бөрі қалыпты жағдай, әр адам сана жандануымен, тынымсыз еңбегімен жете алатын биік қой деп санады. Бір ғажабы, ол өз төңірегіне достар, пікірлестер, ниеттестер жинайыншы деп талпыныс жаса-са олардың болмысына да осынау берік ұстанымы арқылы жол табуға тырысатын. Талығып, қалжырап шыққан, алайда, сонысы өзіне орасан зор қуаныш сыйлаған, адами, шығармашылық рақат-ләззатқа кенелткен мұзарт шың басында жеке-дара тұруды ол мақсат тұтқан жоқ еді. Мидай дала, сайын сахарада жалғыз өзі асқақтап тұратын Хантәңірі оған керек емес еді, ол тура сондай тәкаппар шыңның өзіндей немесе оған жете қабыл қырат, жота, биіктердің болуын тіледі. Осыған



үшін сол жылдардағы әлгі құйтырқалық пен тексіз әрекеттің қаншалықты ауыр тигені бір Тәңірге ғана аян!

Алайда, әділдікті ту етіп көтерген Ақылбаев болмысы өз жанын жаралағандарға ренжіп, кек алуға, аяқтан шалып, есесін қайтаруға жол берген жоқ. Ол бекзат болмыстың жарқын көрінісі еді. Жалпы, бекзат болмыс, тектілік деген ұғымдардан шығады, ол кісінің бойында біреуді ғайбаттау, сыртынан өсек айту, жағымсыз пікірлер туғызу деген әдеттер болмайтын. Біреуді қарғау, сілтеу, жаманшылық ойлау, күштілердің алдында жағымпаздық көрсету, билігі бар адамның ығына жығылу оның табиғатына жат болатын. Себебі, Ақылбаев болмысына үңілген жан оның боркемік емес, діні берік, ұсақтық, пендешілік ұғымдарынан өз бойын аулақ ұстайтын, табиғаты таза, санасы сара жан екеніне көз жеткізе алатын-ды.

Ол Абайды, Пушкинді, Әуезов пен Толстойды ұнататын. Оның өмірлік позициясына әсер-ықпал етіп, мызғымас, айқын, берік болып қалыптасуына да Абай жарықтықтың:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төргі,
Алланы танытуға сөзі айырылмас.
Махаббатпен жаратқан адамзатты.
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.
Дін де осы, шын ойласаң, тағат та осы,
Екі дүние бұл тасдиқ- хақтың досы.
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мақтан, әуесқой, онан шошы,
- деп келетін жолдары себепші болғанын айту қажет. Хакім Абай айтқандай, ол Жаратушының адам-пендесіне жасаған баға жетпес сыйы - өмір, мына жарық дүние деп есептеді. Қамшының сабындай келте ғұмырда барша адамзат баласын

Тұлға

Тағғылымы...

тылды, соның нәтижесінде шын мәнінде білім мен ғылым саласындағы реформатор деңгейіне көтерілді.

Жамбыл аға Сәулебекұлы өмірдегі өз орнын білім мен ғылымға арнағандықтан, солардың адам бойына сіңіретін ұлы сипаттарын жеке басының үлгісі арқылы өзгеге көрсете алды. Ол қасиеттер - биік мәдениет, ой-өріс ауқымдылығы, елжандылық пен ұлтжандылық, адам жанын тез түсінетін нәзік психологтық болатын. Бұл қасиеттер оған өмірдің мәні туралы ойла-нып, толғамуына мүмкіндіктер берді.

Жамбыл аға Ақылбаев әлемі - күрделі әлем. Ол өз ғұмырында микроәлем мен макроәлемді танып, білуге талпынды. Талпынысы жеміссіз болған жоқ. Екі ұғым оның болмысында шебер ұштасты. Ол өз жеке басында төмендегі қағида-ойды басты назарда ұстады, алайда, жариялауға, жарнамалауға асыққан жоқ еді

Дүние - мәңгілік, жалған - өткінші. Ғаламның өзіндей көне философия. Адам - дүниенің, мәңгіліктің туындысы. Пенде - жалғанның, күнделікті тіршіліктің жемісі. Адам өмірі ақиқат, адалдық, әділеттілік, имандылық ұғымдарымен ұштасып жатса, пенденің өмірі күнделікті күнkerістің қамымен байланысып жатады. Материалдық өмір - уақыттың еншісі. Ол - бүгін бар, ертең жоқ. Рухани өмір - мәңгілік.

Жамбыл Сәулебекұлы ұғымында рухани өмір дегеніміз, көпшілігіміз қабылдап жүргендей, тым ықшам, нақты, шағын түсініктердің жиынтығы емес еді. Ол өз таным-түйсігімен рухани өмір және материалдық өмір ұғымдарын ұштастыруға

жота, биіктердің болуын тіледі. Осыған барып, шынайы достықтың, адами ажар мен кісілік келбеттің шебер ұштасуынан туындаған болмысы өзгешелеу жандар оның төңірегіне топтаса алды.

Жамбыл Сәулебекұлын толғандырған жайттар көп болатын. Ол сан-салалы сауалдар ішіндегі Адам! Ол кім? Оның жарық дүниедегі тірлік иелерінің басқасынан айырмашылығы неде? Адам не үшін өмір сүреді? Оның өмірінің мәні мен мазмұны, маңызы неде? - деген сұрақтар төңірегінде көп топтанатын.

Адамзат баласы жаратылғалы тектілер мен бекзат болмысты, ойлы жандардың осынау сауалдар төңірегінде толғанғаны мәлім. Жамбыл Ақылбаев та толғанды. Толғаныс нәтижесі нақты әрекетке бастады. Яғни, білім мен ғылымды адам бойындағы іскерлік, табандылық, еңбекқорлық, ойлылық, талант пен дарындылық, ізгілік пен тереңдік деп түсініп, соларды насихаттай жүріп, соларды басқаның болмысына сіңіру үшін еңбек етіп, өзі де жаңа бір ақиқатқа, шындыққа көз жеткізді. Ол осынау қасиетті де киелі ұғымдарды қастерлі де қажетті сала деп есептеп қана қоймай, сол жолға, сол киелі ұғымдардың асқар биігіне алдымен өзінің көтерілуі қажеттігіне түсінік-түйсігімен құлай берілуі еді. Ақиқатын айтсақ, ол аталған биікке көтеріле алды. Өзгелерді де ілестіре алды. Осылайша, ел тарихында, білім мен ғылымның саласында өзгеге ұқсамайтын Ақылбаев феномені дүниеге келді.

Ол абстрактылы уақыттың да, нақты уақыттың да талап-тілектерін жетік білетін, айырмашылықтары мен ерекшеліктерін

түсінетін. Абстрактылы уақыт пен нақты уақытты болашақтағы істер мен күнделікті міндеттер үдесінен шығу үшін шебер пайдалану өнерін меңгерген еді. Кәнігі, сыннан өткен, шыныққан әрі ширыққан философтардай өз іс-әрекетіне үшінші жақтай үңіліп, пайымдай алатын. Ондайда тоқмейілсуден гөрі, сыни пікір көбірек болатыны белгілі. Өз пікіріне қарсы шығар, көкірегіне күдік ұялап, келіспейтін оппоненттері кездессе, оларға кек тұту деген ұғым болмысында мүлдем жоқ еді, керісінше, ондай жандарды ашық таласқа, пікір алмастыруға, ақиқатқа негізделер диспутқа шақыруды жаны қалап тұратын.

Ол - өз заманының перзенті. Алайда, сол тұстағы қоғам ұстанған идеологиялық бағыт-бағдарға үнсіз бас шұлғуды ұнатпайтын. Дербес көзқарасы болатын, ішкі түйсігі өзі кез жеткізетін істің дұрыстығын дәлелдеп, дәйектей алса, дегенін жүзеге асыратын.

Жамбыл Сәулебекұлы қазіргі таңдағы егде тартқан аға буын өкілдері сияқты, күні кешегі кеңестік жүйеде, оның аса қуатты идеологиясы ауқымында ғұмыр кешті. Өмірінің тек он алты жылдай уақыты ғана тәуелсіздік алған еліміздің саяси, рухани өміріне араласуға мүмкіндік берді. Қазіргі уақыт биігінен үңілген жан кеңестік жүйені де, оның қазақсекілді саны аз ұлттар өкіліне деген ұстанымын да, идеологиясының тоталитарлық тәртіптің негізгі бағыт-бағдарына қалай қызмет еткенін де жақсы біледі. Әсіресе, сол қоғам аясында ғұмыр кешкендер соның бәріне куә болған. Ғылыми анықтама берсек, идеология - шын

мәнінде адамдар санасының ақиқатқа қатынасын анықтайтын және қабылдайтын саяси, құқықтық, адамгершілік, этикалық және философиялық идеялар мен көзқарастардың жүйесі. Ол саяси өмірде көпшіліктің саяси санасын қалыптастыруға, қоғамдық өмірде бағыт-бағдар, рухани байланыстар жүйесін айқындауға көмектеседі және саяси іс-әрекет жолдарын белгілеу қызметін атқарады.

Осы тұрғыдан келгенде, өмірдегі орны ұстаз болу, білім мен ғылымды өркендетіп, дамыту деп шешім қабылдап, соған кіріскен Жәкеңнің тоталитарлық қоғамның, оның негізгі жетекші идеологиялық принциптерімен бетпе-бет келмеуі мүмкін емес еді. Солай болды. Дәл сол жүйеден, қазір біреулерге ұсақ нәрсе боп көрінер, біреулерге ауқымды боп көрінер, әйтеуір, оның зардап шеккенін біраз адам біледі. Ең басында жігерлі, табанды, талапшыл да принципшіл деп бағаланған адамның бірте-бірте шет қақпай көруі ақиқатында біреулердің оған деген көзқарасынан басталса, сол тұстағы облыс басшылары тарапынан жылы көзқарастың болмауы да қоғамдағы идеологиялық ұстанымдардан туындағаны анық. Алайда, бір орында тұратын, қозғалмайтын құбылыстың болуы мүмкін еместігі белгілі. Бәрі де өтті, кетті, алайда, адалдық пен көусар тазалықты адамгершілік арының туы еткен Жәкең үшін болмысына ақиқат пен әділдік ұғымдары берік орын тепкен, сергектігі өз алдына, сезімталдығы басым, әділетсіздікті жүрегіне тым жақын қабылдайтын, жаны жараланғыш Жәкең

сүюге ұмтылды. Мына фәни жалғандағы өзі қалдырған ізіне сын көзімен үңіле алады. Өзгелерден де соны талап етті. Өзгелер мақтайтын, мадақтайтын жандарды немесе ғайбаттайтын жандарды өз жүрек таразысына салып, ақыл-ой безбеніне тартып, көз жеткізіп алмайынша, сол адам туралы немесе оқиға-құбылыс туралы көзқарасының жалаңдыққа, арзандыққа ұрындырарын жетік білуші еді.

Ол әлемнің көптеген елдерін аралап, іссапарда болды, туған-еліндегі білім мен ғылымның жай-күйін сол елдердегі нақты хал-ахуалмен салыстырды. Озық тәжірибеге, жылт еткен жаңалыққа балаша қуанды, солардың тамаша дәнін туған еліндегі білім мен ғылымның киелі топырағына егуге асықты.

Жамбыл Сәулебекұлы - шын мәнінде жер бетіндегі ең ауыр, ең күрделі ғылым саласы - адамтану ғылымының білгірі еді. Ал білгір болуына алғышарттар жасаған, мүмкіншіліктер берген, сұңғыла оқымыстылығын, ғұлама ғалымдығын, асқан ұйымдастырушылығын қалыптастырған - Ұлттық рухтан, Ұлттық идеядан бастау алған адами асыл қасиеттері еді. Туған елін елжірей сүюі еді, соған қызмет етуі еді.

Оның есімі ұмытылмайтынын, мәңгілік есте қалатынын, сірә, осы жайттармен түсіндірген абзал болар...

**Мәуен ХАМЗИН,
Қарағанды «Болашақ»
университетінің профессоры,
филология ғылымдарының
докторы.**